

Ауданда бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 шілдедегі N 128 шешімі. Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық әділет басқармасында 2009 жылғы 18 тамызда N 3-8-96 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2012 жылғы 25 қазандағы № 43 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2012.10.25 № 43 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6, 7 баптарына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы № 2126 «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» Заңының 10 бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Ауданда бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу үшін келесі орындар анықталсын:

1) Мәртөк селосында Есет-Көкіұлы көшесінде орналасқан «Жастық» мәдени және демалыс саябағы» ;

2) Хлебодаровка селосында Ленин көшесі бойында орналасқан «Қайсар» ЖШС-нің ғимараты алдындағы алаң;

3) Жайсан ауылындағы ауыл клубына тірелген алаң;

4) Андреевка селосындағы селолық клубына тірелген алаң;

5) Вознесенка селосындағы селолық клубына тірелген алаң;

6) Саржансай селосындағы бұрынғы мөхтоқ қоймасынан 200 метр қашықтықта оңтүстік бағытта орналасқан алаң;

7) Родников селосындағы Мәдениет үйіне тірелген алаң.

Ескерту. 1 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2011.07.22 № 239 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

2. Аудандық мәслихаттың шешімі 2005 жылғы 28 қазандағы № 158 «Ауданда жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібінің қосымша регламенттеу туралы» (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі № 3-8-9, 2005 жылғы 11 қарашадағы «Мәртөк тынысы» № 45 газетінде жарияланған) күші жойылды деп

т а н ы л с ы н .

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат

Аудандық

сессиясының төрайымы

мәслихат хатшысы

Н.Хусаинова

А.Смағұлов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК